

«Мемлекеттік рәміздерді құрметте» атты танымдық сағаты

Автор: Administrator
04.06.2020 00:00 -



2020 жылдың 4 маусымы күні С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы ҚР Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздерді құрметте» атты танымдық сағаты өтті.

Максаты: Жастарға мемлекеттік рәміздер тарихы туралы ақпараттар бере отырып жинақтаған білімдерін тиянақтау. Оз елі мен жерін сүйге, отанын құрметтей білуге, мемлекеттің құндылықтарын қорғай алуға, мемлекеттің жетістіктеріне қуана біліп, мақтан етуге тәрбиелеу.

Шара барысында кітапхана қызметкері Гүлнұр Бекенова еліміздің рәміздері, Ту, Елтанба жайлы ақпарат беріп, бейнебаян көрсетілді. Сонымен қатар ҚР мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтанбасы, Әнұран конституциялық заңмен бекітілгенін және әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екені айтып өтті. Балаларға сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісті.

Іс-шарада «Мемлекеттік рәміздер – биік мерейіміз» кітап көрмесі жасакталып, көрмеге билиографиялық шолу жасалды.

«Мемлекеттік рәміздерді құрметте» атты танымдық сағаты

Автор: Administrator
04.06.2020 00:00 -

